

## ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Қымбатты достар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебіне қош келдіңіздер!

Экономикалық профильдегі мамандықтар мектеп түлектері үшін әрдайым жоғары сұраныста болатындығы жасырын емес. Тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де дәл солай екендігін атап өткім келеді. Мамандық таңдар кезде тек абитуриенттер ғана емес, олардың ата-аналары да әрбір кәсіпорында, қаржы және сауда ұйымдарында, мемлекеттік қызметте немесе өз бизнесінді бастауда экономистер, қаржыгерлер, бухгалтерлер мен менеджерлер қажет деп ойлайды. Және бұл пайымның жаны бар.

Жастардың Экономика және бизнес жоғары мектебінде оқуды таңдау себептері:

- 1949 жылы ашылып, 1963 жылы Алма-ата халық шаруашылығы институтының құрылуына негіз болған, Қазақстандағы жоғары білікті экономистерді даярлайтын ең алғашқы және кең ауқымды қамтитын орын;

- жыл сайын экономика және бизнес, менеджмент және маркетинг, қаржы, есеп және аудит саласында факультеттен түлеп ұшатын 500-ден астам бакалавр, магистр және Ph.D. докторлары;

- 20 ғылым докторы, 45 ғылым кандидаты мен 10 Ph.D. докторын қоса алғанда кәсіби біліктілігі өте жоғары профессорлық-оқытушылық құрам;

- университеттің дәстүрлі болмысы мен оқытудың заманауи әдістерінің үйлесім табуы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қарамағындағы Экономика институтымен тығыз байланыста жүргізілетін ғылыми зерттеулер мен ғылыми мектептердің сабақтастығына студенттерді белсенді қатыстыру;

- еліміздің дамуына сүбелі үлес қосқан көптеген отандық ғалымдар, беделді мемлекеттік қызметкерлер, табысты кәсіпкерлер, жоғары оқу орындарының ректорлары, атақты спортшылардың қара шаңырағы;

- қызықты іс-шараларға толы, мәнді әрі мағыналы студенттік өмір мен қолайлы кампус.

*Қиындықтан тайсалмай, кәсібиліктің шыңына шыққысы келетіндергі бізде оқуға шақырамыз!*



**ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ**  
Экономика және бизнес  
жоғары мектебі, э.ф.д.,  
профессор  
**САФИЕВА РИММА**  
**ҚАЛЫМБЕКҚЫЗЫ**



## ФАКУЛЬТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ...

Экономика және бизнес жоғары мектебі 70 жылдық тарихында 15000-нан астам маман даярлап шығарған. Қазіргі таңда біздің түлектер мемлекеттік басқару органдарында, стратегиялық маңызы бар салалық құрылымдарда, бизнес-ортада, жеке және трансұлттық компанияларда абыроймен қызмет етіп, ел экономикасының дамуына сүбелі үлес қосуда.

- ЭжБЖМ түлектері келесідей салаларда жұмыс істей алады:
- ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық банкі, екінші деңгейлі банктер, Салық комитеті, Қазынашылық, Кеден органдары, сақтандыру компаниялары;
- ҚР Президентінің аппараты, ҚР Парламентінің аппараты, ҚР Үкіметінің түрлі құрылымдық бөлімшелері, ҚР Ұлттық экономика министрлігі, жергілікті басқару органдары;
- Ұлттық компаниялар, концерндер, халықаралық корпорациялар;
- Транспорттық, өндірістік, консалтингтік, аудиторлық және логистикалық компаниялар, жарнама және маркетингтік агенттіктер,
- Экономика саласындағы ғылыми-зерттеу институттары мен басқа да меншіктің барлық нысандарындағы заңды тұлғалар.

**4**  
кафедра

**1800+**  
білімгерлер

**70+**  
тарих

**150+**  
профессор-оқытушы  
құрамы

**60+**  
халықаралық оқу  
орындарымен ынтымақтастық

## БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



### **Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы**

Алматы қаласының әкімі  
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің  
басшысы  
ҚР Премьер-Министрі (2016-2019)



### **Әшімбаев Мәулен Сағатханұлы**

«Нұр Отан» партиясы Төрағасының  
Бірінші орынбасары  
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты



### **Нәрібаев Көпжасар Нәрібайұлы**

ҚР ҰҒА академигі, э.ғ.д., профессор  
ҚазКСР Жоғары және орта білім министрі (1983-1987)  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры (1991-2001)



### **Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы**

ҚР ҰҒА академигі, э.ғ.д., профессор  
ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының президенті  
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (2004, 2007)



### **Қарағұсова Гүлжан Жанпейісқызы**

э.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаты  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі  
(2001-2007)



## **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**

### **БАКАЛАВРИАТ**

#### **6B041 – Бизнес және басқару:**

Менеджмент және басқару білім беру бағдарламалары

- Менеджмент
- Мемлекеттік және жергілікті басқару
- Экономика

Аудит және салық салу білім беру бағдарламалары

- Есеп және аудит

Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі білім беру бағдарламалары

- Қаржы

Маркетинг және жарнама білім беру бағдарламалары

- Маркетинг

6B113 – Көлік қызметтері:

Көлік қызметтері білім беру бағдарламалары

- Логистика (салалар бойынша)

### **МАГИСТРАТУРА**

#### **M070 Экономика**

- Экономика

#### **M071 Мемлекеттік және жергілікті басқару**

- Мемлекеттік және жергілікті басқару

#### **M072 Менеджмент және басқару**

- Жобаны басқару
- Инновациялық менеджмент
- Менеджмент

#### **M073 Аудит және салық төлеу**

- Есеп және аудит

#### **M074 Финанс, банктік және сақтандыру ісі**

- Қаржы

#### **M075 Маркетинг және жарнама**

- Маркетинг



**M152 Логистика сала бойынша**

– Логистика

**M009 Құқық негіздері және экономика**

– Құқық негіздері және экономика

**ДОКТОРАНТУРА**

**D070 Экономика**

– Экономика

**D071 Мемлекеттік және жергілікті басқару**

– Мемлекеттік және жергілікті басқару

**D072 Менеджмент және басқару**

– Жобаны басқару

– Инновациялық менеджмент

– Менеджмент

**D073 Аудит және салық төлеу**

– Есеп және аудит

**D074 Қаржы, банктік және сақтандыру ісі**

– Қаржы

**D075 Маркетинг және жарнама**

– Маркетинг

**D148 Логистика сала бойынша**

– Логистика



## СТУДЕНТТІК ПІКІРЛЕР




Кез-келген мемлекеттің дамыған мемлекеттер қатарына қосылуы үшін ең бірінші экономикалық жағдайы есепке алынатыны белгілі. Сондықтан мектеп жасынан экономика саласына деген қызығушылығым оянып, мақсатты түрде Экономика және бизнес жоғарғы мектебіне оқуға түстім. Осы таңдауым өмірдегі ең маңызды қадамдардың бірі болғанына күмәнім жоқ.

Студенттер үшін қажеттінің барлығы кампустан табылады: Студенттерге қызмет көрсету орталығы, "Smart Health" медицина орталығы, кітапхана, жатақханалар, асхана, спорт орталықтары, компьютер залдары, кинотеатр, коворкинг және т.б. Ал факультетте өз ісінің білікті мамандары оқытудың заманауи әдістерін қолдана отырып дәріс жүргізеді. Түрлі компанияларда тәжірибе өту мүмкіндігі ұнайды. Халықаралық байланыстардың жоғары деңгейін де атап өтуге болады. Кәсіби маман болуға қажетті білімнен бөлек, факультетіміз жастар үшін өмір мектебі екені анық. Бұл жерде студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары, түрлі клубтар мен үйірмелер жастайымыздан жан-жақты дамып, ХХІ ғасырдың түлегіне қажетті дағдыларды қалыптастыруға үлкен үлес қосуда.

Экономика және бизнес жоғары мектебі — ел ертеңін ойлаған жастардың басын біріктіріп, болашаққа бағдар беретін шынайы достық алаңы.

*Жақсылық Дәулетхан*



Менің есімім — Май. Мен Вьетнам елінен келген шетелдік студентпін. «Экономика» мамандығында оқимын. Университетте аса бағалаған нәрселерімнің бірі — қонақжайлылық, сондай-ақ университет қызметкерлерінің шетелдік студенттерге кез келген мәселесі бойынша көмектесуге дайындығы. ҚазҰУ-дың басқа жоғары оқу орындарымен салыстырғанда көш ілгері екенін байқауға болады: сапалы білім, заманауи оқу корпусы, жайлы кампус, білікті мамандар және т.б. Студенттік өмірді қызықты ететін іс-шаралар мен мүмкіндіктер өте көп. Осы жерден көптеген достар тапқанымға қуаныштымын. Өз еліме

оралған соң Қазақстанмен әріптестік байланысты нығайтуға атсалысатын боламын. Мен университетіміздің және факультеттің әлемдік рейтингте жоғары жетістіктерге жетуіне тілектеспін.

*Нгуен Ким Туем Май*

## СТУДЕНТТІК ӨМІР

Экономика және бизнес жоғарғы мектебінде әлеуметтік және тәрбие жұмысы — білім берудің басым бағыты. Мақсат — студент жастардың патриоттыққа, мәдениеттілікке, әлеуметтік мобильділікке және білімге деген тұлғалық-құндылық қатынастарын қалыптастыру болып табылады.

Факультетте Студенттік кеңес, Студенттік маслихат және студенттердің «Сұңқар» кәсіподақ ұйымы сияқты өзін-өзі басқару ұйымдары қызмет етеді.



М. Әуезов атындағы театрда



«Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалымдардың конференциясы



Студенттік кәсіпкерлік — Enactus World Cup (Канада)



Көкпар ойыны





Пәндік олимпиада



Халықаралық ғылыми конференция



Дарынды студенттерге арналған шәкіртақы



Үлкен Алматы көлінде



Студенттер «Damu Logistics» компаниясында өндірістік тәжірибеден өтуде



Спорттағы жеңістеріміз



## ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ



Erasmus + ENINEDU жобасы бойынша координациялық кеңес



Хамад бин Халифа университетімен ынтымақтастық (Катар)



Оксфорд университетіндегі магистранттарға арналған ғылыми тағылымдама (Ұлыбритания)



Ниццалық София-Антиполис университетіндегі семинар-тренинг (Франция)



Вашингтон мемлекеттік университетімен әріптестік (АҚШ)



Сантьяго де Компостела университетіндегі семинар (Испания)



## **БИЗНЕС-КОМПЕТЕНЦИЯЛАРДЫ ДАМУ КЛАСТЕРІ**

### **Исламдық қаржы орталығы**

- АХҚО мен Катарлық Хамад бин Халифа университетімен әріптестік;
- Islamic Finance Qualification (IFQ) сертификациясы;
- Thomson Reuters деректер базасымен жұмыс;
- Ғылыми зерттеулер, академиялық байланыс және кәсіби біліктілікті арттыруға арналған семинарлар.

### **Биржалық технологиялар орталығы**

- Қаржылық сауаттылықты арттыру;
- Бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеу;
- Қор биржаларымен әріптестік;
- Қаржылық анализ бен қаржылық технологияларды меңгеру;
- Заманауи жабдықталған аудиториялар.

### **Кәсіпкерлік пен инновациялар орталығы**

- Erasmus + ENINEDU жобасының аясында құрылған;
- Студенттерге бизнес-жобаларды нарыққа шығаруға консалтингтік көмек беру;
- Қолданбалы бағдарламалармен жұмыс істей отырып, академиялық білімді тәжірибелік бағытта толықтыру;
- Жұмыс берушілермен байланыс.



Хамад бин Халифа университеті (Катар), АХҚО мен ҚазҰУ арасындағы үш жақты меморандум



Исламдық қаржы орталығының ашылуы



Биржалық технология орталығы



АХҚО, Катар және Бахрейнмен бірлесе өткізілген семинар



Исламдық қаржылар орталығы



Бизнес-компетенцияларды дамыту кластерінің мәжіліс залы



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

